

егемен

Азатстан

## Аялы ағалардың алақаны-ай!



Дара туған дана Абай: «Алдыңғы толқын – ағалар, Артқы толқын – інілер» дейді. Осы егіз ұғым ұрпақтар сабақтастығының алтын арқауын үзбей жалғастырып келеді. Бұл ойлар көрнекті қаламгер Сафуан Шаймерденовтің «Ағалардың алақаны» атты кітабын қайта парактағанда еске түсті.

Ағалардың асыл қасиеті, үкілеп ұстар үлгісі, інінің ағаға ізеті, ілтипаты – бәрі-бәрі әдемі баяндалған. «Жығылар жерінде жығылған...», өтірікке жаны қас, «...өзінен жасы көп кіші біреу суырылып: «әй, Бауыржан, сен...» - деп әділін айтар, тауып сөйлер болса, шамданудың, үлкендігін салық етудің орнына, намысшыл басын иіп, тағзым ету» парызы болып есептелетін Б.Момышұлы туралы баяны, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтің қадірлі қасиеттері, кісілігі мен кішілігі, еліне сапарлап барған Сәбенді танымайтын тентек жастардың жат қылығы, Қ.Аманжоловтың Талғар шыңына қарап тұрып, «Таулар неткен тамаша! Алыстан тұрып қарасаң. Әттең, таулар бауырында, Адамдар бар аласа», деп төрт жол өлеңді төгіп жіберетіні, ұлы Мұханның: « – Ұлы деп мені атама, Сафуан. Ондай пікірге оқырман қауымның дайындығы жоқ, оларға мына ұлы сөзің ерсі болып естіледі. Құр босқа ұятқа қаламыз», деуі ойға қалдырады. Ал Мұқағалиды білмейтін ойы тапал шенеунікке жазушы ақын інісінің «Алтын адам» өлеңінен: «Сары алтынның белгілі нарқы маған, Қайда бірақ, алтыннан артық адам?!..Ажал келсе алтының сақтайтындай... Алтын табыт ішінде жатпайтындай... Шежіремді ұрлапты... Зулапты күн. Ғасырлардан бір ізім тыңдап тұрмын. Алтын адам шынымен қазақ болса, Білген екен құнының қымбаттығын!» деген жолдарды оқып берсе, әлгі шіркін: «...ә, мынау әлгі Есіктен табылған адам ғой» депті. Ақыннан хабары жоқ пендеге қаламгер не десін: «... Тоғышарлардың бәрі бірдей білімді, мәдениетті, талантты болып жан алмайтын болса, шараң қайсы?!» дейді де, руханият саласының өкілдері аялы алақанының жылуын інілеріне іркіліссіз беріп жүргеніне тәубе келтіреді. «Қайран, Мұхаң... Тиіп кеткен жері тәрбие, үлгі, өнеге болатын... Несін айтамыз. Ғажап еді ғой.. Үлгі демекші, Мұхаң секілді алып тұлғаның күні кеше арамызда болғанының тірілермен бірге тіршілік етіп жүргенінің өзінен артық қандай үлгі бар!» дейді академик Зейнолла Қабдолов ұстазы Мұхтар Әуезов жайлы ағынан жарылып. Талайды таңдандырған Тахауи (Ахтанов) ағасы туралы: «Бетеге кетіп, бел қалар, Бектер кетіп, ел қалар. Ел аман болса, Тахауи естен кетпес», дейді де Сырбай (Мәуленов) ағасы туралы ой тербеп «Кұлын» атты өлеңіне тоқтап, сол арқылы сұрапыл соғысты елестетіп, «Шіркін өмір, құлын боп кісінейді», деген бір жолға салмақ салып, Оралханға (Бөкеев) оралады да: «Оралханның білімі «қызыл дипломмен бітіргендерден көп ілгері тұратын», деп інінің ағаға деген ілтипатының қандай болғанын: «Аға! Мен сізді ешқашан да аты-жөніңізбен атаған

емеспін. Ең алғаш көргеннен бастап «Аға» деп амандастым және сол 1967 жылдан бері туған ағадай шыншыл көңілмен сыйлап құрмет тұтып келемін... Мен сізді, аға, жаһандағы жалғыз ұстазым деп, жар сала айтудан ұялмас едім, әрі осының өзін мақтан тұтар едім. Қарғадай кезімде, «Лениншіл жас» газетінде жарияланған үш-төрт очеркімді оқып, ауылда қаперсіз жүрген кезімде республикалық басылымға шақырдыңыз... Міне, сіз 60 деген асуға шықтыңыз, төменге қараңызшы, Аға, мен көрінем бе екен?» деген жаны жайсаң іні сөзін елжірей отырып дәйекке келтірген Шерағаң (Мұртаза) аға мен інінің сыйластығын інжу-маржандай суреттегенде, қос тұлға көз алдына келеді. Алыптардың үнін естіп, сөзін тыңдаған, үлгісін көрген Мырзатай аға (Жолдасбеков) «Асылдарым» деп ағалары мен замандастары туралы тоқсан бұрау сыр шертеді. «Дүлдүл еді, бұлбұл еді Кенекең!» деп әнші-жыраулардың соңғы тұяғындай тұғыры мықты кемел Кенен (Әзірбаев) кереметтерін тереңнен толғап, «Ағаға қарап таңданамыз! Ағаға қарап биіктейміз!» деген керемет риясыз көңілмен Әбдіжәміл (Нұрпейісов) ағасын мақтан етеді. Міне, аға мен інінің жарасымы деген осылай болса керек еді. Дегенмен, сол аға мен інінің үлгісі – заманға қарай адамы делініп біртіндеп сирексіп, әркім өзім білемінмен кетіп бара жатқан жоқ па деген ой мазалайды. Шіркін, ағаның аялы алақанына, інінің ілтипатына не жетсін!

Сүлеймен Мәмет, «Егемен Қазақстан»